

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»

Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҰСҚАУЛЫҚ

01.03.2021

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсейтовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ

№ 4

г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-
интернаты» РММ Директоры
Абдрашев Б.Т.
2021ж. « 01 » 03

ИНТЕРНАТ МЕНДЕРУШІСІ

Әзірлеген:

Директордың оқу жөніндегі
орынбасары



Мусрепова М.С.

Келісілген:

Басшылықтың менеджмент сапасы
жөніндегі өкілі




Мусрепова М.С.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің
төрайымы




Кошкарбаева А.Р.

Кадр бөлімінің инспекторы



Касенова Р.С.

Зангер



Болсамбеков Н.А.

Лауазымы

Қолы

Аты-жөні

Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	4
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	6
6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ	6
7. ТАНЫСУ ПАРАФЫ.....	7

Кызметтік нұсқаулық КР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	Интернат менгерушісі 7 ден 2 бет
--	-------------------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.
2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музикалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) интернат менгерушісінің қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.
3. Интернат менгерушісі педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.
4. Интернат менгерушісі Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.
5. Интернат менгерушісі өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;
 - 2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
 - 3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Интернат менгерушісі лауазымына жоғары және тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық, немесе өзге де кәсіптік білімі, немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, кем дегенде 5 жыл педагогикалық өтілі бар тұлға тағайындалады.
2. Интернат менгерушісі төмендегілерді білуге міндетті:
 - 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
 - 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
 - 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Зандарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;
 - 4) педагогика мен психология негідерін;
 - 5) педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;
 - 6) экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбек туралы заңнаманы;
 - 7) енбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Қызметтік нұсқаулық	Интернат менгерушісі
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	7 ден 3 бет

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1. Мектеп пен мектеп жаңындағы интернаттың тұтас оқу-тәрбие процесі шеңберінде интернаттың қызметіне басшылық етеді.

2. Мектеп жаңындағы интернаттың оқу-тәрбие және шаруашылық қызметіне бақылау мен басшылықты жүзеге асырады.

3. Тәрбиешілердің, аспазшылардың асүй жұмысшыларының, тәрбиеші көмекшілерінің және интернаттың басқа да қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырып бақылайды. Тәрбиешілер мен қызмет көрсетуші персоналдың жұмысын мектеп жаңындағы интернатта тұратын окушылардың шығармашылық дамуына ықпал ететін оқу-тәрбие жұмысының тиімділігіне қол жеткізуге бағыттайды.

4. Тұрмыстық жағдайларды, тұру, тамақтану, оқу, тәрбиелеу, демалу, медициналық қызмет көрсету, жан-жақты даму, өмір мен денсаулық сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

5. Интернатта мінез-құлық қағидаларын, мектеп жаңындағы интернат пен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы қатынасты реттейтін ішкі жұмыс тәртібін, тамақтануға төлем жүргізу және басқа да ұйымдастырушылық мәселелер (ата-аналардың өз балаларына келуі, оқу процесі және каникул кезінде балаларды үйіне жіберу, балалардың үйге кету және интернатқа келу қағидалары және т.б.), персоналдың кезекшілік кестесін, мереке күндеріндегі жұмыс уақытын және басқа да ішкі құжаттаманы әзірлеп, Мектеп директорының бекітуіне ұсынады, іс-шаралар өткізу кезеңіне жауапты тұлғаларды тағайындалап бекітеді. Үй-жайларды, интернатқа іргелес аумақты тазарту бойынша сенбіліктер ұйымдастырады.

6. Интернат қызметі туралы қажетті есептілікті әзірлеп ұсынады. Мектеп жаңындағы интернаттың барлық қызметтерінің жұмысын жетілдіру, тәрбиеленушілер арасында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді, мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына қатысады, күн тәртібіне ұсыныстар енгізіп, материалдар дайындауды.

7. Үлгерім, сабакқа қатысу және қатыспау, ұжымдық сыйыптардың сабактарына жауапты болады, окушылардың өз бетінше дайындалуын, бастауыш сыйып окушылары үшін педагогтердің репиторлық сағаттарды орындауды бақылайды.

8. Мектеп жаңындағы интернат тәрбиешілерінің қызметін жоспарлау мен бақылауды жүзеге асырады. Тәрбиелеудің концептуалдық негіздерін іске асыруға бағытталған іс-шараларды, бағдарламалық құжаттарды және окушыларды тәрбилие мәселелері жөніндегі КР басқа да нормативтік-құқықтық актілерін орындау бойынша олардың жұмысын үйлестіреді.

9. Интернат Кеңесінің - жоғары сыйып окушыларының қатарынан өзін өзі басқару органының жұмысына жетекшілік етеді. Окушылардың оқу-тәрбие процесінің кестесін сақтауына бақылау жүргізеді. Тәрбиеленушілерден күн тәртібін сақтауды, мінез-құлық қағидаларын орындауды, интернат мұлкіне ұқыпты қарауды талап етеді.

Кызметтік нұсқаулық КР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	Интернат менгерушісі 7ден 4 бет
---	------------------------------------

10. Мектеп жанындағы интернаттың тәрбиешілерін іріктеуге қатысады, олардың біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмысты үйымдастырады. Тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетеді, тәрбиешілердің педагогикалық тәжірибесін таратуға, өз бетінше білім алуына, шығармашылық ынталануды дамына ықпал етеді.

11. Мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілері үшін жоспарлы ішшараларды өткізуге, оқу-тәrbie, мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру жұмысын үйымдастыруға бақылау жүргізеді. Интернат қызметкерлері мен тәрбиеленушілері арасында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға жауапты болады.

12. Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетудің жай-күйіне, жеке гигиена қағидаларын үйымдастырып сақтауға, медициналық персоналдың санитариялық-ағартушылық және профилактикалық жұмысты үйымдастыруына бақылау жүргізеді, интернаттың ғимаратында және үй-жайларында барлық санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақтауды талап етеді.

13. Интернаттың қызметкерлерімен бірлесіп, тәрбиеленушілердің тамақтануын, ас блогіне тек сапалы азық-түліктерді қабылдауды үйымдастырып бақылайды, жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді алуға, олардың жаратылуына бақылау жүргізеді. Журналдарды дер кезінде толтыруды, актілер әзірлеуді және т.б. үйымдастырады.

14. Тиісті деңгейде интернаттың барлық қызметтерінің жұмысын, орнатылған құрал-жабдықтың және пайдаланылатын техникалық құралдардың жұмысын қамтамасыз етеді.

15. Мектеп жанындағы интернаттың мүлкі мен барлық материалдық құндылықтарының сақталуына жауапты болады және оларды сақтауды талап етеді, интернаттың материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдіру, ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша шара қабылдайды.

16. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті барлық жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік нұсқамаларының өткізілуін және тиісті үлгідегі журналдарда ресімделуін тексереді.

17. Еңбек, білім туралы заңнаманы, басқару, педагогика, психология, социология негіздерін, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін білуі тиіс.

18. Интернаттың, Мектеп әкімшілігінің, музыка бөлімдері менгерушілерінің, музыкалық пәндер педагогтерінің, жалпы білім беру пәндері мұғалімдерінің, Мектеп психологінің, сынып жетекшілерінің, білім алушылар ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың өзара іс-қимылын үйымдастырады. Интернатта тұратын оқушылардың оқуы мен тәрбиесі мәселелері бойынша ата-аналар жиналыштарын, консилиумдар және т.б. ішшараларды өткізеді, лекциялар мен кездесулер үйымдастырады.

19. Үйымда білім беру процесінің барлық қатысуышыларының, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен «Құндылытарға негізделген білім» тұжырымдамасын енгізеді.

Кызметтік нұсқаулық	Интернат менгерушісі
КР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	7 ден 5 бет

20. Интернат тәрбиеленушілері арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық принциптерін сініреді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Интернат менгерушісі мынадай құқықтары бар:

- 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өзінің кәсіби қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4) интернаттың оқу-тәрбие жұмысын және шаруашылық қызметін жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
- 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
- 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектеп жанындағы интернаттың оқу-тәрбие қызметіне байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
- 7) интернат тәрбиеленушілерін көтермелеге туралы ұсыныстар енгізуге;
- 8) тәрбиеленушілердің орындауды үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртібінің қағидалары шегінде жалпы оларға тәртіптік шара қолдану бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 9) өз құзыреті шегінде Мектеп мұдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Интернат менгерушісі нің Қазақстан Республикасының Конституциясында және Еңбек заңнамасында, КР «Білім туралы», КР «Педагог мәртебесі туралы» Зандарында, Мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртібінде көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Интернат менгерушісі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 1) өз міндеттерін тиісінше орындағаны үшін;
- 2) жоспарлы міндеттерді орындағаны үшін;
- 3) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. КР заңнамасында белгіленген тәртіпте интернат менгерушісі окушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін интернат менгерушісі КР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

Қызметтік нұсқаулық	Интернат менгерушісі
КР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	7 ден 6 бет

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

ТАНЫСУ ПАРАФЫ

Қызыметтік нұсқаулық	Интернат менгерушісі
КР Мәдениет және спорт министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМІ» РММ	7 ден 7 бет